

**Атырау облысының мемлекеттік органдарында және квазимемлекеттік
сектор субъектілерінде жүргізілген
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша
2025 жылдың 8 мамырындағы жай-күйі туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

«О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы- техникалық колледжі» КМҚК

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және Атырау облысы Білім беру Басқармасының 2025 жылғы 27 наурызындағы № 06-01-06-02-46/1458 санды хаты негізінде «О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы- техникалық колледжі» КМҚК директоры И.Джанзаковтың 02.04.2025ж. № 22 н/қ бұйрығына сәйкес «О. Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарының жұмыс кезеңіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау төмендегі жұмыс тобының құрамымен жүргізілді:

№	Аты – жөні	Лауазымы
1	Лapidенова Маржан Сисекеновна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2	Шамұратова Гүлбақыт Маратқызы	Жастар ісі жөніндегі инспектор
3	Токенов Алишер Сабитович	Директордың ақпараттық технологиялар бойынша орынбасары
4	Ажғалиева Гүлбарам Орынғалиевна	Оқытушы, кәсіподақ комитетінің төрайымы
5	Даулетова Рауила Турахметовна	Кадр бөлімі меңгерушісі

**«О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы- техникалық колледжі» КМҚК
қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілері:**

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығы;
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы;

- «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы;
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы *(ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 № 72 бұйрығымен өзгерістер енгізілген)*;
- "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 483 бұйрығы;
- ««Білімді ұлт» сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы;
- «Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысы;
- «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы;
- «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы;
- «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы;
- «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы;
- "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 тамыздағы № 689 қаулысы;

- «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы;
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 бұйрығы;
- "Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығы;
- «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығын;
- «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысы;
- «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысы;
- 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының №414-V «Еңбек Кодексі»;
- «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы *(ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 № 121 бұйрығымен өзгертілген)*.
- "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 483 бұйрығы.

Ішкі талдау барысында «О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1. **«Білім туралы»** Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңының талаптарының жүзеге асуы басқа нормативтік актілермен реттеледі.
2. **«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығының орындалуы бойынша қабылдау облыс бойынша ортақ автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылды, қабылдау қорытындысы да сол жүйе арқылы шығады, адами фактор алынып тасталған, тәуекелдің алды алынды.

Ұсыныс: жоқ

3. **«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығының орындалуы бойынша аралық аттестаттау Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады, оқушылар игерген материалдар бойынша 100-300 сұрақ дайындайды (пәннің күрделілігіне қарай), жауабымен алдын ала студенттерге беріледі, емтихан барысында автоматты жүйе кездейсоқ генерация әдісімен студентке 25 сұрақ береді, студент жауабы сол бойда көрсетіледі. Қорытынды баға да аралық бақылау нәтижесін ескере отырып, автоматты түрде сол бойда шығарылады. Бұл жерде тәуекелдің алды алынды.

Ұсыныс: жоқ

4. **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының 2-параграф **«Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру (растау) тәртібі»**, 67-тараудың (*"педагог-зерттеуші" - педагог кемінде бес талапқа сәйкес болуы тиіс*) «ҒЫЛЫМ кандидаты/докторы немесе PhD ғылыми докторы дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар» деген 2-тармақшасында **«адамға тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын жоғары талаптар»** (*индикатор- субъективті құқықтар мен бостандықтарды іске асыру кезінде жеке және заңды тұлғаларға заңмен негізсіз қосымша міндеттер жүктеу*) және **ҚҰҚЫҚТЫҚ**

актілер мен ішкі құжаттар ережелерінің қайшылығы (индикатор - заңда немесе ішкі құжатта белгіленген басым бағыттарды таңдау қағидаларының болмауы) және лауазымды тұлғалардың міндетінің орнына құқық белгілеу (индикатор- лауазымды тұлғалардың өз қалауы бойынша шешім қабылдауы үшін заңды негіздердің болуы) факторы орын алуы мүмкін, себебі ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, профессор, доценттер өзінің сәйкестігін қайтадан дәлелдеу қажет етеді және орындаушыға да, өтініш берушіге де таңдау мүмкіндігі қарастырылмаған. Бұл жерде құқықтық алшақтық немесе лауазымды тұлғалардың міндетінің орнына құқық белгілеу орын алып тұр. Құқықтық актіде немесе ішкі құжатта белгілі бір мәселені құқықтық реттеудің болмауы. Азаматтың немесе ұйымның әкімшілік рәсімді өткізу барысына ықпалын қамтамасыз ететін іс жүргізу тәртібі жоқ. Лауазымды тұлғалардың азаматтар мен ұйымдарға қатысты іс-әрекеттер жасау мүмкіндігін диспозитивті белгілеу.

Ұсыныс: жоқ

5. **«Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысының 2-тармағы 1-тармақшасында көрсетілген санаттағы тұлғаларға Е-gov электрондық үкімет порталы арқылы немесе ақпараттық жүйе арқылы қызмет көрсетіледі, бұл ретте тәуекелдің алды алынған. Алайда **«жетім немесе ата-ана қамқорынсыз қалған балалар»** деген терминге нақты анықтама берілмеген, айырмашылық көрсетілмеген. Себебі екі категориядағы балалардың да ата-анасы жоқ. Сәйкесінше екі санатқа да әлеуметтік көмек тағайындалу керек. Осы белгісіздік көмек тағайындау барысында көптеген қателіктерге жол беруге себеп болып тұр, Екеуін де жетім деп алуға болмайды, бірақ екеуі де ата-анасынан айрылған. Осы тұста әр тексеруші бұл белгісіздікті өз қалаулары бойынша түсіндіреді. Бұл жерде **құқықтық-лингвистикалық белгісіздік** орын алып тұр. Заң техникасының логикалық және лингвистикалық ережелерін сақтамаудан туындаған жеткілікті дәл сипатталмаған терминдерді, ұғымдарды, сөз тіркестерін немесе семантикалық (мазмұндық) сипаттағы тұжырымдарды қолдану. Құқықтық-лингвистикалық белгісіздік индикаторы- түсініксіз немесе екі мағыналы Ережеде қамтылған және осылайша заңсыз түсіндірулерге жол беретін тұжырымдама болуы;

Ұсыныс: 1. жоқ

6. **«Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысы бойынша жүзеге асырылады, стипендия семестр қорытындысы бойынша (60%- оқытушы бағалаған аралық аттестаттау қорытындысы, 40% - автоматтандырылған жүйе арқылы тапсырған тест нәтижесі арқылы, автоматтандырылған жүйенің шығарған транскрип арқылы) анықталады. Тәуекелдердің алдын алу шаралары қарастырылған.

Ұсыныс: жоқ.

7. **«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы»** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 Қаулысы бойынша еңбекақы тағайындалады, тәуекелдер анықталған жоқ.
Ұсыныс: жоқ.
8. **«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы бойынша штатық кесте Білім беру басқармасы заңнамаға сәйкес бекітеді. Тәуекелдер анықталған жоқ.
Ұсыныс: жоқ.
9. **«Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы Egov электронды үкімет порталы арқылы жүзеге асырылады, оқу жылының басында студенттердің өтініштері қабылданып, қарастырылады. Қорытындысы колледж ақпараттық жүйелерінде жарияланып отырады. Тәуекелдер анықталған жоқ.
Ұсыныс: жоқ.
10. **«Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы Egov электронды үкімет порталы арқылы жүзеге асырылады, оқу жылының басында құжат жинап (құжаттың нақты атауы мен нысаны бекітілген), өтініш білдірген студентке комиссия арқылы тағайындалып отырады. Тәуекелдер анықталған жоқ.
Ұсыныс: жоқ.
11. **"Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы"** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығы бойынша құжат телнұсқасын беру Egov электронды үкімет порталы, ХҚКО арқылы жүзеге асырылады. Бұйрық негізінде қызмет көрсету талаптары мен жауапкершілік нақты көрсетілген, порталда орындау мерзімі көрсетіліп тұрады. Тәуекелдер анықталған жоқ.
Ұсыныс: жоқ.
12. **Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығы негізінде ашық конкурс түрінде жүзеге асырылады. Талдау нәтижесі бойынша тәуекелдер анықталған жоқ.
Ұсыныс: жоқ.

13. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығының (ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 № 121 бұйрығымен өзгертілген) 2,3,4- параграфтарында (басшы орынбасарларының лауазымдық міндеттерінде) «Дискрециялық өкілеттіктердің кеңдігі» (индикатор - лауазымды адамдардың шешімдер қабылдауы немесе өзге де әкімшілік рәсімдерді орындауы үшін негіздердің болмауы немесе белгісіздігі) факторы орын алуы мүмкін, себебі міндеттемелер нақтыланбаған, қайталанып тұр.

Ұсыныс: жоқ

14. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәметке толмағандарға білім беру - сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 483 бұйрығындағы талаптар бойынша лауазымды тұлғалардың міндетінің орнына құқық белгілеу факторы орын алып тұрғандай. Лауазымды тұлғалардың азаматтар мен ұйымдарға қатысты іс-әрекеттер жасау мүмкіндігін диспозитивті белгілеу. Міндеттің орнына құқықты белгілеу индикаторлары-лауазымды адамдардың өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауы үшін заңды негіздердің болуы, органның (лауазымды адамның) бірдей негіздер болған кезде шешімдердің бірнеше түрін қабылдау мүмкіндігі анықталады.

Атап айтқанда, берілген өтініш ұзақ қаралады, қарау уақыты 30 күн өте көп уақыт. Бастапқы сараптамалық қорытынды берілмейді, жеңіл түзетілетін олқылықтарды түзету мүмкіндігі мүлдем қарастырылмаған, бірден бас тарту беріледі. Оқу орны бұрыннан жұмыс жасап тұрған мекеме, кезінде лицензия талаптарына сәйкес болды, сол себепті қызметін жүзеге асырып жатыр, енді ол талаптарға сәйкестікті басынан бастап қайтадан дәлелдеудің қаншалықты қажеттілігі бар екен? Кей жағдайда техникалық қателіктер (түзетуге болатын, түбегейлі маңызды емес ақпараттар, мысалы, оқу орнының мекен-жайы бойынша, қызметкерлердің туған жылын, туған жерін жазғанда немесе грамматикалық қателіктер, т.с.с.) орын алып жатады, ал оны түзету үшін аралық сараптама өткізу немесе жедел түзетулер енгізу мүмкіндіктері мүлдем жоқ. Ақпараттық жүйедегі педагог кадрлар туралы немесе курстан өту туралы нысандар пайдалануға өте ыңғайсыз, ұяшықтағы символдар саны шектеулі, ақпараттар сыймайды. Тіркелетін құжаттар атауы қайталанып отырады, бір ақпарат бірнеше рет тіркеледі. Сосын порталдағы нысандар толтырылып, директордың жеке ЭСК арқылы қол қойылып, расталады. Бұл ақпарат қағаз түрінде де бекітіліп, сканерленіп, порталға тіркеледі, артық жұмыс жасалады.

Ұсыныс: жоқ

Оңайбай Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:

1) **персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы** – заңнама бойынша жүзеге асырылады, кадрға қажеттілік туралы enbek.kz (бұдан әрі - ЭЕБ) жұмыс іздеу және қызметкерлерді іріктеуге жәрдемдесу сайтында және колледждің әлеуметтік желілерінде кандидатқа қойылатын талаптар мен конкурс мерзімі көрсетілген хабарлама ілінеді, көрсетілген мерзім өткеннен кейін конкурстық комиссия құжаттарға сараптама жасайды. Барлық кандидаттарға бірдей жағдай және мүдделер қақтығысының алдын алу шаралары қарастырылған, шешім ашық дауыс беру нәтижесі бойынша қабылданады. Талдау нәтижесі бойынша тәуекелдер анықталған жоқ. Қызметкерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей **лауазымына көтеру, өзге лауазымдарға ауыстыру** орын алған жоқ.

2) **мүдделер қақтығысын реттеу** – талдау мерзімінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ, заңнама негізінде алдын алып, реттеліп отырады. **Мемлекеттік қызмет көрсету**– колледжде білім саласында қатысты 8 мемлекеттік қызмет түрлері мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес электронды және қағаз түрінде жүзеге асырылады – Egov электрондық порталы, ақпараттық жүйелер, ХҚКО арқылы. Тәуекелдер анықталған жоқ.

3) **рұқсат беру функцияларын іске асыру** – "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 483 бұйрығын e-License.kz порталы арқылы жүзеге асырылады. Бұл қызметті атқаруда (*индикаторлар -рұқсат беру функцияларын іске асыру тәртібінің болмауы немесе ішінара реттелуі (қажетті құжаттар, көрсету нысаны, мерзімдері, нәтижесі, бас тарту негіздері және т. б.), рұқсат беру функцияларын іске асырудың нақты рәсімдерінің құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, рұқсат беру функцияларын іске асыру кезінде пайдаланылатын, белгіленген тәртіптің бұзылуына әкеп соғатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі*) кейбір тәуекелдер орын алуы мүмкін.

4) **бақылау функцияларын іске асыру** – колледже бақылау функциясы ISO 9001-2016 ҚР СМЖ ішкі аудит жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Талдау нәтижесі бойынша құқықбұзушылықтар анықталған жоқ;

5) **бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу** – колледжде қаражатты игеру мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүзеге асырылады, мемлекеттік тексеру органдары тарапынан тексерулер үнемі өтеді (*индикатор- өнім берушінің тауарды жеткізу, жұмыстар мен қызметтер көрсету шартынан туындайтын міндеттемелерді уақтылы және сапалы орындауы*). Бұл қызметте оқу орны тек техникалық сипаттамасын береді, өнім маркасын таңдау мүмкіндігі қарастырылмаған, сол себепті көп жеткізушілер сапасыз бұйымды әкеледі. Сатып алған өнімнің сапасын бақылау тетігі әлсіз. Барлық сатып алу процесі заңмен шектелген. Тәуекелдер орын алған жоқ.

6) **Салықтар мен өзге де төлемдерді жинау** бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алған жоқ.

7) **Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасасу** бағыты бойынша қызметті жүзеге асыру үшін оқу орындарында заңгер штаты қарастырылмаған, сол себепті барлық индикторлар да орын алуы тәуекелі үлкен.

8) **Колледждің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер** – жоқ, барлық қызмет немесе әрекет заңмен реттелген.

9) **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру** – жоспар жасақталған, орындалып жатыр, профилактикалық шаралар, болдырмау шаралары жүзеге асырылуда.

10) **Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету** - қызметкерлердің заңға қайшы әрекеттері анықталған жоқ, барлық қызмет ашық түрде заңнамалар аясында, конкурс негізінде жасалады. Теріс іс-қимылдарын әшкерелейтін материалдар жарияланған жоқ.

11) **колледжге қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері** – колледжге қатысты жоспарлы тексерістер жүргізілді – мемлекеттік аудит, аттестациядан өту, прокурорлық тексеру, нәтижесі бойынша шаралар қабылданды, кемшіліктер дұрысталды.

12) **колледжге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері** – колледж қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар тарапынан өтініштер түскен жоқ.

13) **прокурорлық қадағалау актілері** – прокурорлық қадағалау актілері бойынша ескертулер болған жоқ.

14) **сот актілері** – басқарма бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты сот актілері түскен жоқ.

Қорытынды және ұсыныстар:

1) Білім сапасын дамыту мәселесі бойынша шараларды ұйымдастыру, түсіндіру жұмыстарын жандандыру, орындалуын қамтамасыз ету.

2) Құжаттарды, актілерді, келісім-шарттарды жасақтау кезінде қолданыстағы заңнамаларды терең зерттеп, басшылыққа алу.

3) «Е-қызмет», «Е -өтініш» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесімен тұрақты түрде жұмыс жасау.

4) Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін жан-жақты қарауды қамтамасыз ете отырып, бақылауға алу.

5) Білім мәселесіне қатысты арыз-шағымдарға уақытылы және сапалы жауап беру, білім саласына қатысты құқықтық ағарту, түсіндіру жұмыстарын халық арасында БАҚ арқылы жандандыру.

6) Облыстық бюджеттен бөлінген қаражаттың уақтылы игерілуін қамтамасыз ету.

Жұмыс тобы мүшелері:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

М.Лапиденова

Жастар ісі жөніндегі инспектор:

Г.Шамұратова

**Директордың ақпараттық технологиялар
бойынша орынбасары:**

А.Токенов

**Оқытушы, кәсіподақ комитетінің
төрайымы:**

Г.Ажғалиева

Кадр бөлімі меңгерушісі:

Р.Даулетова